



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС:

мектептегі оқу-тәрбие, басқару жұмысы

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ СОВЕТ:

управление и учебно-воспитательная работа в школе

Журнал
2015 жылдың мамырынан
бастап қазақ орыс тілінде
шыға бастады

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
Республиканский научно-педагогический журнал

ҚАҢТАР – АҚПАҢ
ЯНВАРЬ – ФЕВРАЛЬ

Білім қиындағы тәжірибенің
усақ түйірлерінен құралады.
Д. И. ПИСАРЕВ

МАЗМҰНЫ

БІЛІМ МЕН БІЛІК

Г. С. Муканова. Мектеп қызметін эвалюациялау үдерісі	2
Н.И. Мешітбаева. Еңбексүйгіш жеке тұлғаны қалыптастыру	4
О.Б.Докенова. Коучинг сыни ойлау – ойды шындау	5
Б.К.Даулетқалиева. С.Мұратбеков. "Қылау" әңгімесі	7
И. Д. Аспенова. The members of the Royal British Family	8
А. А. Отар. Жанартаулар, ыстық бұлақтар, гейзерлер	9
К.С. Ажайпова. Ауа және оның қасиеті	10
С. Жакиева. Шылау және шылау түрлерін қайталау	11
Г. Т. Бөлекбаева. Абай Құнанбаев. "Қыс"	12
Г. Ф. Мусина. Ойыншықтар	13
Б. Қ. Есенова. Жанаша жеті модуль бойынша білім беру	14
Н. С. Сисенова. "Бауырсақ" оқу іс-әрекеті білім беру саласы – шығармашылық бөлімі аппликация	16
Д. С. Тоқышева. Тендеуді шешу	17
Н. Ж. Хамзина. Сабырсыз, арсыз, еріншек	18
А. Қ. Ахметова. Қазақстанның биік таулы аймағы	20
Б. С. Кажалиева. Применение 7 модулей на уроке русской литературы	23
Э. М. Икласова. Математика сабағында жана технологиялық әдістерді колданудың тиімділігі	25
С. М. Аймуратова. Ең кіші ортақ еселікті табуға есептер шығару	27
Ж. К. Дәулетқалиева. Архимед күші	28
Н. А. Умарғалиев. Квадрат үшмүше. Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу	30
Л. Құрманғалиева. Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу	31
Г. А. Нысанова. Күкірт, қасиеттері және қосылыстары	32
Ғ. М. Ондаганова. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің алғы шарттары, себептері, басталуы, барысы	33
Г. У. Джайкиева. EXCEL-дің графикалық мүмкіндіктері. Диаграммаларды салу.	34
Б. М. Хасанова. Көңілден шыққан семинар	35
Б. А. Егизова. Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі	36
А. Г. Бигалиева. Жеке тұлғаның қасиеттері	37
Н. Ш. Ахметова. Ата-аналармен шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру	39
Г. Т. Бекимова. Тәрбие – тал бесіктен	41
Б. У. Нұрханова. Қаракия кәсіптік колледжі – білім ордасы	43
С. Балқыбекова., З. Мейірбекова. Жана ақпараттық технологияларды қазақ тілі сабағында пайдаланудың тиімділігі	44
В. Д. Абдулина. Білім әлеуметтік және экономикалық прогрестің басты факторы	46
А. М. Султанова. Ш. Қ. Төлөнді. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте	48

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
ЖК "МУФАЛИМ"

Редактор
С. ХАЙРОЛЛАҚЫЗЫ

Ақылдастар алқасы:

М. БЕЛГІБАЕВ – география ғылымдарының докторы, профессор. Семей мемлекеттік педагогикалық институты.

Н. Н. ХАН – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті.

Ж. А. ТӘЖИЕВА – Шымкент қалалық білім бөлімінің бастығы.

Г. МАДИЕВА – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

"Педагогикалық кеңес: мектептегі оқу-тәрбие, басқару жұмысы" – Педагогический совет: управление и учебно-воспитательная работа в школе журналы Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінде 27.05.2015 ж.

Астана қаласында тіркеліп, №15386-Ж куәлігі берілген.

Басуға 8.04.2016 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/16} Шартты б.т. 2,5.

Редакцияның мекен-жайы: 050002 Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 47 (Есенов көш. қиылысы), 321-кеңсе. тел/факс 8 (727) 390-19-39 электрондық пошта M-LTD@mail.ru

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты, қолжазбалар мен фотосуреттер ренезициялабайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Республикалық екі айда бір рет шығатын ғылыми-әдістемелік журнал

"Педагогикалық кеңес: мектептегі оқу-тәрбие, басқару жұмысы" – Педагогический совет: управление и учебно-воспитательная работа в школе №1 (1), 2016 ж.

"Білім-Нұр" баспаханасында басылды. Алматы қаласы, Мақатаев көш., 47 303-кеңсе

ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ, ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ

А.М. СУЛТАНОВА,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Философия және саясаттану факультеті
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының
оқытушысы

Ш. Қ. ТӨЛЕНДІ.

Әлеуметтік жұмыс 2 курс студенті

Дуниенің ең сұлуы ғажап тілі-

Ол менің ана тілім-қазақ тілі!

Тілмен мәңгі қазақтың қазақтығы,

Тілмен мәңгі қазақтың азаттығы! — деп Балғынбек

Имашев ағамыз айтқандай бүгінде тіл мәселесі қоғамымыздағы үлкен мән беруді талап ететін ахуал болып отырғаны белгілі. Әрбіріміз Жұбан ағамызша «Мен қазақпын, биікпін байтақ елмін...» деп қазақ екенімізді бүкіл жамағатқа паш етеміз деп жүрміз, ал біріміз «Көзінді аш оян қаза көтер басты...» деп ел қамын жеп, санасы әлі оянбаған бауырларымызды оятып жүрген болсақ, ал біріміз өз ана тілімізді менсінбей, қор санап, кері кетіп жүрген жандар да бар. Әрине осы орайда өз ұлтына жаның ашып, тіліңнің мәртебесі биіктесін деп пайдалы іс тындыра бастағандарда жоқ емес. Қазақ пен қазақ бір-бірімен жүздері қызармастан өзге тілде шүлдірлеп жатса оған қалайша налымассын. Әрине намысың келеді емес пе?! Мейлі, ол бірнеше шет тілін меңгерсін, тіпті сол тілде білімін алсын бірақ өз бауыры қазақпен қазақ тілінде сөйлеспесе, өз ана тілінің қаншалықты жақын екендігін сезінбесе онда ол азаматтың қазақ атын иемденгенінен не пайда?! Ең алдымен өзімізден бастайық. Қандай жағдай болмасын, мейлі ол іскерлік жазба болсын, мейлі әлеуметтік желілерде қолданыс табатын сөздер болсын барлығын қазақ әріптерімен қазақ тілінде жазғанымыз дұрыс

болар деген ой туындайды. Осылай әрбіріміз өз тілімізге аса құрметпен қараған жағдайда ғана ана тіліміздің мәртбесі жоғарылайтындығына кәміл сенімдімін. Әрине бүгінде тілімізді дәріптеуге арналған іс-шаралар өткізіліп отыратыны белгілі.

Оған дәлел, осы орайда біздің ҚазҰУ-дің, филология және саясаттану факультетінің мамандықтары тілімізді дәріптеп, асқақтатуға көптеген іс-шаралар өткізуде. 1 және 2 курс әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс мамандығының студенттерінің ұйымдастыруымен өткен «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты дөңгелек үстел аталып өтті. Дөңгелек үстеліміздің негізгі мақсаты ана тіліміздің бүгінгі таңның ел сүйер қауымы үшін қаншалықты маңызды орын алатындығымен қатар ана тілге деген құрметтерін асқақтату болды. Сондай-ақ тұғырлы мемлекетіміздің аясында өмір сүріп отырған басқа да этнос өкілдеріне құрмет көрсетудің қаншалықты маңызды екендігіне көңіл бөлу. Өткізіліп отырған бұл дөңгелек үстеліміз факультетіміздегі тілдер апталығына арнайы бағытталып отыр. Мұндай арнайы іс-шаралар біздің университетімізде жүйелі түрде жиі өткізіліп отырады. Осындай маңызы бар шараларды ауқымды деңгейде жиі өткізіп отырсақ студенттердің бойында елге деген, тілге деген патриоттық сезімнің ұяларына сеніміміз мол. Қасиетті ана тілімізді қастерлеп, оның маңызының қаншалықты құнды екенін түсіне біліп, тек түсініп қана қоймай, оны жүрекпен ұғына білу мына біздің перзенттік борышымыз деп қабылдаймыз.

Өз тілінің қасиеттілігін сыйлап, оған жан тәнімен жаны ашыйтын азаматтарымыздың тілге деген құрметтік сезімдері оянса қасиетті тіліміздің мәртебесінің асқақтарына сеніміміз мол.

Алматы қаласы

Менің педагогикалық сенімімнің бір ақиқаты кітаптың тәрбиелік күшіне деген шексіз сенім болып табылады. Мектеп дегеніміз — ең алдымен кітап. Тәрбие — ең алдымен сөздер, кітап, жанды адамдық қарым-қатынастар. Кітап — құдіретті қару. Ақылды, шабытты кітап көп ретте адам тағдырын шешеді.

В. А. Сухомлинский